

Санабек Жансұлу Сапабекқызы, Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің жетекші маманы – мемлекеттік аудитордың ассистенті

Күні: 17.02.2025 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Аудиторлық тексеру жүргізу

Кілт сөздер: аудит, аудиторлық тексеру, аудиттің мақсаты, аудиттің міндеттері

Кіріспе

Негізгі бөлім: Аудиттің мақсаты мен міндеті

Қорытынды:

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасында нарықтық қатынастың дамуы шаруашылық әдістерін және формаларын қайта өзгертудің объективті қажеттілігін тудырды. Нарық жағдайына бейімделудің қиындығына қарамастан, елде ғылыми-техникалық саясат, маңызды теориялық және іс-тәжірибелік білім саласына айналатын нақты ғылыми әзірлемелерді жинақтаумен әлеуметтік-экономикалық қызметтің жаңа әрі озық нарықтық бағытын түбегейлі және қолданбалы зерттеу белсенділікпен жүргізілуде.

Бухгалтерлік есепті реформалау және аудитті ұйымдастырудың озық тәжірибесі Халықаралық валюталық қордың (ХВҚ), Бүкіләлемдік банктің, Халықаралық даму бойынша Америка агенттігінің (ЮСАИД), Еуропалық одақтың (ЕО) және Британдық кеңестің белседі қатысуымен өткізілгендіктен, оны құраудың ағылшын-американдық үлгісі негіз етіп алынды. Бухгалтерлік есеп пен аудитті жетілдіру бойынша ұсыныс Конституция, Азаматтық кодекс, Бюджет кодексі; Салық кодексі, «Банкрот туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Шетелдік инвестициялар туралы», «Ақша аударымдары мен төлемдері туралы» заңдардың және компания, фирма мен коммерциялық ұйымдардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының басқа да нормативті-құқықтық актілер талаптарын ескеру арқылы әзірленді.

Сонымен бірге ақпаратты жасаушылар мен пайдаланушылар арасындағы мүдделердің қабыспауы, меншік түрлері және нарық жағдайында пайда болатын басқа міндеттемелер бойынша бақылау объектілерін шектеу белгілі бір бизнес саласындағы қалыптасқан жағдайда тиянақты аудит жүргізуді талап етеді.

Қазақстан Республикасында индустриясы дамыған елдердің озық тәжірибесіне сәйкес бизнестің жаңаша кешенді тәуелсіз кәсіби аудиті жүзеге асырылуда. Операциондық аудит пен қаржылық есептілік аудит және оның басқа да маңызды түрлері посткеңестік аумақтарда нарықтық экономиканың қалыптасуындағы мекемелер қызметінің тиімділігін арттыру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстармен және шындыққа жанасымды ақпараттармен мүдделілік танытатын пайдаланушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

Жұмыстың мақсаты Қазақстан Республикасында аудитті дамытудың негізгі кезеңдерін сипаттау болып табылады.

Қазақстан Республикасында аудиттің пайда болуы мен қалыптасу тарихы 1989 жылы, қаржы министрлігінің КРУ (Бақылау-аудит бөлімі) жанынан өзін-өзі қолдаушы аудиторлық топ ұйымдастырылған кезде басталды. Кейін оның негізінде Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 15 ақпандағы №60 жарлығына сәйкес Республиканың Қаржы министрлігі жанындағы аумақтық филиалдарымен бірге «Қазақавтожол» өзін-өзі қолдайтын аудит орталығы құрылды. 1992 жылдан бастап бұл

кәсіпорын меншіктің барлық нысанындағы ұйымдарға аудиторлық қызмет көрсететін дербес ірі акционерлік қоғамға айналды.

1993 жылғы 18 қазандағы "Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет туралы" бірінші заң қабылданғаннан кейін елдің экономикалық және әлеуметтік-саяси өмірінде елеулі өзгерістер болды.

Осының бәрі «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңын әзірлеуге әкелді. 1998 жылғы 20 қарашада қабылданды (толықтырулармен және өзгерістермен, оның ішінде 05.05.2006 жылдан бастап). «Ескі» заңмен салыстырғанда ол уәкілетті органдардың іргелі ұғымдарын, қағидаттарын, түрлерін, субъектілерін, құзыретін, аудиторлық қызметке кандидаттарды аттестаттау, аудиторлық қызметті лицензиялау және жүзеге асыру қағидаларын дәйекті және толық ашады.

«Аудит туралы» екінші Заңның уақтылы қабылдануы республикадағы аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың іс жүзіндегі тәуелсіздігін бекітуге ықпал етті.

«Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес аумақтық палаталар мен Республикалық аудиторлар палатасын құру, тексеру комиссиясын сайлау және аудиторларды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясын құру жөнінде шаралар қабылданды.

Аудиттің мақсаты мен міндеті

Аудит нарықтық экономика жағдайында барлық шаруашылық процесіне қатысушылардың қызметінде маңызды рөл ойнайды. Ол анық қапаратпен қамтамасыз етеді, серіктестер арасындағы сенімділікті қалыптастыруға септігін тигізеді, оңтайлы басқарушылық шешімдерді іріктеу мен кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстарды әзірлейді, сондай-ақ қаржылық жағдайды тұрақтандыруға, мекеме қызметінің тиімділігін арттыруға және тұтастай қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға ықпал етеді.

Аудитті қаржылық, экономикалық, техникалық, заңдық және басқа да өызмет салаларында жүргізуге болады. Аудиттің ең негізгі мақсаттарының бірі – мекемелердің қаржылық есеп берулерінің нақты екендігін анықтау болып табылады.

Бұл арада клиенттің нормативті-құқықтық актілердегі талаптарды сақтауын бақылауда үлкен мән беріледі. Компаниялардың қызмет нәтижелері және олардың заңды сақтауы туралы ақпараттың тәуелсіз расталуы мемлекетке, меншік иелеріне, акционерлерге, инвесторларға, кредиторларға және олардың бизнес бойынша серіктестеріне қажет. Негізгі есеп тұжырымдамасы бойынша Америкалық бухгалтерлер ассоциациясы аудиттің мазмұнын барынша қамтып жинақтаған анықтамасында былай делінген: «Аудит – бұл экономикалық әрекеттер мен оқиғалар, олардың белгіленген деңгейінің нақты өлшемдерге қаншалықты сәйкестігі туралы ақпаратты алу мен бағалаудың және

нәтижелерді мүдделілік танытқан пайдаланушыларға беретін жүйелі процесс».

ҚР «Аудиторлық қызмет туралы» Заңында мынадай анықтама берілген: «Аудит Қазақстан Республикасының заңында белгіленген талаптарға сәйкес қаржылық есептіліктің дұрыс және объективті жасалғаны туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатында заңды тұлғалардың қаржылық есептілігін тексеру болып табылады».

Таным теориясынына орай, бір ғылым ғана зерделейтін объективті шындықтың қандай да бір бөлігін немесе кез келген ғылымның (оны әшәнде аудит те бар) мазмұны деп ұғынуға болады. Органикалық тұрғыдағы өндірістік қатынастардың нарықтық экономикадағы объективті экономика заңы экономикалық теорияның пәні болып табылатыны белгілі. Салалық экономикалық ғылым салалардың, өзіндік ерекшелігіндегі бұл заңдардың әрекетін, өндіруші күштермен, техникалар және технологиялармен өзара байланысындағы жекелеген салалардың өндірістік қатынасының даму ерекшеліктерін зерделейді.

Пән анықтамасы осы ғылымның басқа ғылымдардан айырмашылығын көрсететін ерекшеліктерді қамтуы керек. Оның ішінде:

- Ғылымның мақсаты мен мазмұны;
- Өзіндік ерекшелігі бар зерттеу принциптері;
- Зерделеу объектісі;
- Ақпарат көздері.

Осылайша аудит мазмұнын қалыптастырамыз, өйткені арнайы әдебиеттерде оның әзірге айтарлықтай нақты әрі дәл анықтамасы жоқ. Біздің пікіріміз бойынша, аудит пәні қоғамның мүддесін білдіретін экономикалық құбылыстар мен оқиғалар және процестер, сондай-ақ мәліметтері нақтылық пен анықтылығына қарай тексерілетін, зерттелетін және объективті бағасын алатын әр түрлі мақсаттарды көздейтін заңды және жеке тұлғалар, басқаруды оңтайландыру, экономикалық қызметтердің тиімділігін арттыру, кеңес берушілік, бақылаушы-талдамалы және басқа да кәсіби аудиторлық қызмет көрсету жатады.

Аудит мазмұны алға қойылған мақсаттар мен бақылау объектілерін ескеру арқылы нақтылануы мүмкін. Мысалы, егер аудит объектісіне мекеменің қаржылық қызметі кіретін болса, онда мұндағы мақсат оның есеп берулері мен расталуының (немесе рас болмауының) толықтығы мен анықтығын тиянақты тексеру, яғни ұйымның қаржылық есеп беруінің нақты қаржылық жағдайымен қаншалықты сәйкес келетіндігі туралы өз пікірін тапсырыс берушіге білдіру болып табылады.

Бұл туралы ХАС (МСА) 200-де әлдеқайда рет-ретімен айтылған. Онда: былай делінген: қаржылық есеп беру аудитінің мақсаты – белгіленген талаптарға сәйкес барлық елеулі аспектілер бойынша қаржылық есеп берулердің жасалғаны немесе жасалмағаны туралы аудиторға өз пікірін білдіруге мүмкіндік беру.

Бұл негізгі мақсат экономикалық әлеуетті, қаржылық ресурстарды, салықтарды дұрыс есептеудің талдауын, қаржылық жағдайды жақсарту

бойынша шараларды әзірлеуді, мекемелердің кірістері мен шығыстарын, қызмет нәтижелері мен шығынды оңтайландыруды жақсы пайдаланатын резервтерді анықтаудың шарттары мен міндеттері туралы клиентпен болатын арадағы келісім-шартпен толықтырылуы мүмкін.

Егер аудиттің объектісіне ұйымдағы бухгалтерлік есептің жағдайы кіретін болса, онда аудиттің мақсатына, оның қолданыстағы заңның талаптарына, мекеменің өз ішінде қабылданған есептік саясатпен және мемлекет белгілеген жалпы нормаларға, стандарттарға және ережелерге қаншалықты сәйкестігін тексеру жатады.

Егер аудиттің объектісіне барлық шаруашылық қызметтері кіретін болса, онда мақсат – осы қызметтің тиімділігін бағалау, шығынды барынша кемітудің ықтимал жолдарын анықтау, өндірітің пайдалылығы мен еңбек өнімділігін арттыру, жұмыстың аса жоғары түпкілікті нәтижесіне қол жеткізу үшін ұсыныстарды әзірлеу.

Аудит мақсатының консалтингтік қызмет жүзеге асыру барысында клиенттің коммерциялық қызметін жағсартатын жоғары сапалы кеңес беру қызметі болады, сонымен қатар аудитордың беделі мен табысы қоса еседі.

Алға қойылған аудит мақсаттарына қол жеткізу үшін нақты міндеттерді шешіп алу қажет. Олардың ішінен ерекшелеп мыналарды бөліп көрсету керек:

1) Ұйымның қаржылық есептемесінің шындыққа жанасымдылығын қамтамасыз ету және осы есеп беруді пайдаланушылар үшін ақпараттық тәуекелді қолайлы деңгейге дейін азайту;

2) Шешім қабылдаудың логикалық тұрғыдан негізделген базасын құру үшін жеткілікті дәрежеде құзіретті мағлұматтарды алып, бағалау;

3) Ұйымның экономикасын немесе оның белгілі бір қызмет түрінің, оның ішінде, инвестициялық, маркетингтік және сыртқы экономикалық қызметін жүйелі талдау;

4) Ұйым қызметі және оның жарғысының бір-біріне сәйкестігін, жасалған бизнес жоспардың және басқа да тапсырмалар мен нормативтердің орнықтылығын (негізділігін) тексеру;

5) Заңның сақталуын, бухгалтердік есепті жүргізудің және есеп берудің дұрыстығын, мекемелердің қаржылық жағдайы туралы шындыққа жанасымды ақпаратпен пайдаланушылардың қамтамасыз етілуін бақылау;

6) Заңды белгілейтін бастапқы құжаттар мен олардың шынайы мазмұнына шаруашылық операцияларының қаншалықты сәйкестігін тексеру;

7) Ұйымның өндірістік, маркетингтік, инвестициялық және басқа қызметтерін бақылау мен есебі саласындағы әр түрлі мәселелер бойынша клиентке кеңес беру қызметін көрсету;

8) Клиенттің меншігін бекітіп беруге, оның бизнесінің тиімділігін арттыруға және кемшіліктерді жоюға ықпал ету.

Аудиттің ең нақты міндеттері алға қойылған мақсаттарға, оның түрлері мен жүргізу шарттарына байланысты болады. Мысалы, ішкі аудитте оның саны ақпараттық базаның ұлғаюына, талдамалы рәсімдері акценттерінің өзгеруіне қарай артады.

Осылайша, аудит – бақылау, бағалау, ұсыныстарды әзірлеу және әр түрлі кешенді қызметтерді қамтитын іскерлік кеңес беру бойынша күрделі қызмет түрлері.

Аудиторлық қызметті жүзеге асырудың негізгі формаларының біріне тексеру жатады. «Тексеру» термині латынның «zevisio» сөзінен шыққан, оның аудармадағы мағынасы «қайта қарау» немесе «қызметтерді зерттеу» дегенді, ал «тексеруші» — «тексеріс жүргізетін тұлға» дегенді білдіреді.

Отандық оқулықтар мен ғылыми әдебиеттерде, ТМД елдерінде әдетте «ревизия» ұғымының мағынасы анық емес. Мысалы, Н.Т. Белухинде «тексеру (ревизия)» — бақылаудан кейінгі негізгі форма. Оның басқа бақылау формаларынан айырмашылығы – объектіні тексеру барысында іріктемесі құжаттық дәлелдерге негізделген тексеру-бақылау рәсімдері мен әдістік тәсілдер, әтр түрлі ақпарат көздері пайдаланылады. Тексеруге мыналар тән: құндылықтардың кем шығуын, ысырапты, залалды анықтаудағы нақтылық, оның дәлелдеу жүйесі орнықты (әдеттен тыс құжаттар, түгендеу тізімдемесі (ведомость), материалды жауапты тұлғаның түсініктемесі (түсіндірме жазбасы және т.б.)

Аудит ұғымы тексеру және бақылау ұғымдарынан әлдеқайда терең. Аудитор тексерушіден өзінің мәні, мақсаты, клиентпен қарым-қатынасы, тәуелсіз пікір білдіруі, терең баға беруі, объектінің даму келешегі мен жағдайы туралы қорытындысының негізділігі бойынша ерекшеленеді.

Аудит қаржылық көрсеткіштердің анық екендігін тексеруді ғана қамтамасыз етпейді, ол сонымен бірге, кемшіліктерді жою мен мекеме қызметін оңтайландыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді. Осыған орай, ол аудит анықтамасында бизнестің өзінше бір сараптамасы ретінде баяндалады.

Кәсіби аудиттің осы заманғы даму кезеңінде «аудит» және «аудиторлық қызмет» ұғымдары ажыратылып көрсетіледі.

Аудиторлық қызмет бұған қоса есепті ұйымдастыруды, ішкі бақылауды, әр түрлі тәуекелдікті бәсеңдетуді, менеджментті, маркетингті жетілдіруді, басқа да заңдық, техникалық, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуді жақсарту, жүзеге асыру, қалыптастыру бойынша әр түрлі кеңес беру мен кәсіби қызмет көрсетулерді қамтиды.

Қорытынды

Сонымен қорытындылай келгенде нарықтық экономика жағдайында аудиттік тексеру барлық ұйымдарда барынша жоғары деңгейді иеленеді және аудиттік тексеруді талап етеді. Аудиттік тексерудің нәтижесінде мекеменің есеп саясаты, соның ішінде есеп саясатына сай есепті жүргізу жолдарының дұрыстығы

тексеріліп, аудиторлық қорытынды жасалынады. Аудиторлық қорытындыда мекеменің жіберген қателері ескеріліп, оны түзеу жолдары бойынша ұсыныстар әзірленеді.

Аудитті қаржылық, экономикалық, техникалық, заңдық және басқа да қызмет салаларында жүргізуге болады. Аудиттің ең басты міндеттерінің бірі – мекеме, ұйымдардың қаржылық есеп берулерінің нақты екендігін анықтау болып табылады. сонымен қатар, аудит қаржылық көрсеткіштердің анық екендігін тексеруді ғана қамтамасыз етпейді, ол, сонымен бірге, кемшіліктерді жою мен ұйым қызметін оңтайландыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді. Осыған орай ол аудит анықтамасында бизнестің өзінше бір сараптамасы ретінде баяндалады.

Аудиторлық қызмет бұған қоса есепті ұйымдастыруды, ішкі бақылауды, әр түрлі тәуекелдерді бәсеңдетуді, менеджментті, маркетингті жетілдіруді, басқа да заңдық, техникалық, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуді жақсарту, жүзеге асыру, қалыптастыру бойынша әр түрлі кеңес беру мен кәсіби қызмет көрсетулерді қамтиды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» Заңы Алматы Юрист 2006ж.
2. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру туралы: ҚР Заңы Алматы Юрист 2003ж.
3. «Аудит негіздері» Абленов Д.О. Алматы: Экономика 2005ж.
4. «Аудит және бухгалтерлік есеп» Әбдіхалыков Т.Ә. Алматы, 2003ж.
5. «Учет и аудит» Абдыхалыков Т.А. Алматы, 2000ж.